



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2. Basovsky L.E. Economic analysis: (The complex economic analysis of economic activity) / L.E. Basovsky, A.M. Lunev, A.L. Basovsky – M: Infra-M, 2003.
3. Modern management: Theory and practice/ampere-second. Bolshakov, V.I. Mikhaylov. – SPb.: St. Petersburg, 2000.

УДК 33.3347(547)

КӘСІПКЕРЛІК ІС-ӘРЕКЕТТЕ ТҮЛҒАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Абсалимова Диана Еркеновна, Халхабай Айнұр
d_absalimova@mail.ru halhabai01@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Ақпараттық технологиялар факультеті «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Молдашов Н.О.

Ең алдымен, біз «Тұлға дегеніміз кім?» деген сұраққа жауап берейік. Және кәсіпкерлік қызметте өзінің ізін қалдырған тұлғалар жайлы айтып кетсек дейміз. Жалпы, ең алдымен, «Тұлға дегеніміз кім?» деген сұраққа жауап бермес бұрын біз, «адам», «индивид», «тұлға» деген ұғымдардың арасындағы мазмұндық айырмашылықты біліп алуымыз керек. «Адам» деген – адамзат баласының жер бетіндегі басқа биологиялық организмдерден өзгеше қасиеттерін сипаттайтын жалпылама ұғым. «Индивид» адам тегінің нақты өкілі, жеке адам. Индивидуалдық – бұл әр адамның өзіне ғана тән жеке – дара қасиеттерінің жиынтығы, яғни бір адамның екінші адмнан айырмашылығы. Ал, «тұлға» дегеніміз, адамның тек табиғи – биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір сүріп, қоғаммен тығыз байланыс – қатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні. Мұны адамның әлеуметтік сипатының бастамасы деп те айтады. Нақтылап айтсақ, тұлға дегеніміз, индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы. Тұлға болып қалыптасу үшін, әлеуметтік ортаның болуы қажет, өйткені онда мәдени орта болады, онымен жас сәби бала әр уақытта байланыста, қатынаста болуы қажет. Онсыз, яғни әлеуметтік ортасыз сәби бала жан-жақты дами алмайды. Әрбір тұлғаның белгілі бір деңгейде іштей санасы, қасиеті болады. Осылардың жиынтығы тұлғаның құрылымын қалыптастырады [1].

Қоғамда өзінің орнын ойып тұрып алған көптеген ірі тұлғалар бар. Солардың бірнешеуіне тоқталып кетейік.

Билл Гейтс - АҚШ кәсіпкері әрі қоғам қайраткері, Microsoft Corporation компаниясының негізін қалаушысы. Ерте жастан бастап Билл көптеген сайыстарда жеңіске жетуге тырысатын. Жас кезінде Билл Гейтс өзінің алғашқы компьютерлік программаларын жаза бастады. Тынымсыз еңбегінің арқасында Билл Гейтс бүгінде барлық әлем қолданатын, Windows операциялық жүйесін ойлап тапты. Шығарған өнімге деген жоғары сұраныстың арқасында, Билл Гейтс әлемдегі ең ауқатты кәсіпкердің біріне айналды. Бүгінгі таңда ол 75 миллиард доллардың иесі және Forbes тізімінде байлығы бойынша 1-ші орынды алады [2].

Стив Джобс - Apple корпорациясының негізін қалаушы. Шын мәнінде, оны АҚШ - тың ұлы кәсіпкері деп айтсақ болады, себебі оның корпорациясының арқасында, алғашқы қолданбалы компьютерлер жарыққа шықты. Мақсатқа жету жолында, Стив Джобс көптеген қиындықтар мен сәтсіздіктерді басынан өткерді. Бірақ ол ешқашан да берілген емес. Өзінің қайсар мінезі мен тынымсыздығының арқасында, Стивтің планшеттері мен смартфондары бүгінгі таңда ең танымал және жоғары сұранысқа ие [3].

Марк Цукерберг – атақты Facebook әлеуметтік желісінің негізін қалаушы. Жас кезінен бастап, Марк программа арқылы қарапайым ойындар құрумен айналысқан. Студенттік шағында, Марк студенттер өз фотосуреттерін енгізе алатын және басқалардың фотосуреттеріне дауыс бере алатындай әлеуметтік желінің қарапайым түрін ойлап тапты [4].

Сонымен қатар, қазақстандық бірқатар тұлғаларды атап өтуге болады. Мысалы, Айдын Рахимбаев қазіргі таңда белгілі кәсіпкер болып табылады. Қарапайым отбасыдан шыққан ол, бүгінгі күнде атақты VI Group компаниясының құрушысы, әрі басшысы [5].

Марат Абиев – қазақстандық белгілі кәсіпкер, «Казахстанская мечта» кітабының авторы. Ол жастайынан, көптеген қиындықты басынан кешірген. Соған қарамастан, ол компьютерлерге техникалық қызмет көрсету компаниясын және AAA Technology веб-сайтын ойлап тапты [6].

Осындай ұлы тұлғалар кәсіпкерлік әлемде өшпестей із қалдырды. Олар кәсіпкерліктің қыр-сырын танып білген, тәуекелге бара отырып, кәсіпкерліктің шыңына жеткен адамдар. Осы тұста «Кәсіпкерлік дегеніміз не?» деген сұрақ туындайды.

Кәсіпкерлік дегеніміз – адамдар мен олар құрған бірлестіктердің белсенді, дербес шаруашылық қызметі. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынадай екі жағдайға: біріншіден, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелге бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жаңашылдық танытуға, ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты [7]. Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты – пайда табу, бірақ жетілген нарықтық қатынастар жоғарыда айтылған екі мақсаттың үйлесімді болуын талап етеді.

Кәсіпкерлікті жүзеге асыратын адам кәсіпкер деп аталады. Осы кәсіпкер ұғымына әркім өзінше анықтама берген. Мысалы, ағылшын экономисі Ричард Контильонның ойынша, кәсіпкер – ол тәуекел жағдайында іс-әрекетін жүзеге асыратын адам.

Ал танымал американдық ғалым, Й.Шумпетер кәсіпкер түсінігін «новатор» ретінде сипаттайды. Атап айтатын болсақ, кәсіпкер – бұл жаңа технологияларды әзірлейтін новатор [8].

Ал біздің ойымызша, кәсіпкер дегеніміз – не қалайтынын нақты білетін, жауапкершілігі мол, кез келген жағдайда өзін сабырлы ұстай алатын парасатты тұлға.

Кәсіпкерлік іс-әрекетте тұлғаның алатын орны ерекше. Тұлға – кәсіпкерліктің ең маңызды субъектісі. Осы кәсіпкерлікті де жүзеге асыратын тұлға болып табылады. Әрине, сәйкесінше, тұлғаның араласуынсыз ешбір кәсіпкерлік жүзеге аспайды. Ал, кәсіпкерлік іс-әрекеттегі тұлға қандай болуы тиіс? Тұлғаның өмірге деген көзқарасы түзу болуы керек. Себебі, ол көзбен көргенін, құлақпен естігенін саналы түрде қабылдауы керек. Сонымен қатар, өз тарапынан болатын қателіктерге сын көзбен қарай алатындай болған жөн. Және де, одан қалай шығудың жолын қарастыра алатындай табандылығы болуы керек. Осы тұста тұлғаның мақсаты айқын болуы, ойын ашық, әрі еркін жеткізе алуы кәсіпкерлік іс-әрекетте міндетті болып табылады деп ойлаймыз.

Кәсіпкердің ең басты қасиеті – тез өзгертін жағдайларға бейім болу. Кәсіпкер бәсекелестік күреске және кез келген уақытта болатын тәуекелділікке дайын болуы қажет. Жоғарыда айтылған тұлғалардың бәрі өз кезегінде тәуекелділікке бара білген. Атап айтатын болсақ, Стив Джобс өзі қаламайтын іспен айналысқысы келмей, оқуын тастап кетті. Алайда өзінің табандылығының арқасында аяғына нық тұрды. Ал Марк Цукерберг болса, өзінің ойлап тапқан программасын сынау үшін университет базасын бұзған.

Айдын Рахимбаев, өз кезегінде, қиыншылықтан шығу мақсатында достарымен бірге тәуекелге бел буды. Олар бар жиған қаражаттарына жүк машинасын жалдап, оған ұн тиеп Қызылордаға аттанды, сол жерде қымбат бағаға ұн сатып, арзанға күріш алып оны Целинаградқа қайтып оралып, жоғары бағаға сатып, табыс тауып жүрді. Осы тәуекелден кейін ол осыдан артық табысқа жете алатынын түсінді. Кәсіпкерлік тәуекелге көптеген факторлар әсер етеді. Оларды ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Ішкі факторларға басшының немесе қызметкерлердің жіберген қателіктері, дұрыс шешім қабылдай алмауы, тәжірибесіздігі, өзгермелі жағдайға тез бейімделе алмауы, кәсіпкердің білімі мен біліктілігі, нақты жағдайды талдау және болашақты болжау мүмкіншілігі және т.б. жатқызылады. Ал, сыртқы факторларға келесілер жатады: инфляция, банктің пайыздық ставкалары мен несиелеу шарттарының өзгеруі, салық ставкалары және кедендік рәсімдеу жүйесінің өзгеруі,

нормативтік – құқықтық актілер мен заңнамалардағы өзгерістер мен толықтырулар, бәсекелік орта, саяси жағдайлар, елдегі экономикалық жағдай және т.б. [9].

Тұлғаның кәсіпкерлік іс-әрекетке әсері сияқты, кәсіпкерлік іс-әрекеттің де тұлғаға тигізетін әсері бар. Кәсіпкерлік іс-әрекет тұлғаны жетілдіреді, пысықтырады және жетістікке жеткізеді деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, біздің айтқымыз келгені, кәсіпкерлік іс-әрекетте тұлғаның алатын орны өте маңызды. Дәлірек айтсақ, ең алдымен, адам тұлға болып қалыптаса алуы керек. Кейін қойған мақсатына жету жолында алдында кездескен қиыншылықтар мен тәуекелдерден дұрыс өтуі өте маңызды. Себебі, кәсіпкер сондай қасиеттерімен нағыз кәсіпкер бола алады. Кәсіпкер кәсібін ашқаннан кейін, айтылған қасиеттер жоқ болатын болса, бұл адамнан ешқандай нәтиже шықпайды. Егер ол жұмысты басқара алмаса, жұмыскерлеріне дұрыс нұсқау бере алмаса, сенімді серіктестерді таба алмаса, қаражатын тиімді пайдалана алмаса, кәсібінің қыр-сырын білмесе тұлғаның кәсіпкер ретінде және оның ісінің кәсіп ретінде болашағы болмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұлға ұғымының мәні мен түсінігі. www.testent.ru
2. Warren Buffett "Agnostic," Bill Gates Rejects Sermon On The Mount, Not "Huge Believer" In "Specific Elements" of Christianity. The American View (қаңтар 13, 1996).<https://wikipedia.org>
3. Стив Джобс биография, новости, фото! <https://uznayvse.ru>
4. Марк Цукерберг: биография основателя Facebook www.seoded.ru
5. Айдын Рахимбаев <https://forbes.kz>
6. Ардак Букеева. Как актюбинский парень к 23 годам заработал \$11 млн. <https://forbes.kz>
7. А.Қ. Мейірбеков, Қ.Ә. Әлімбетов. «Кәсіпорын», - Алматы: «Экономика» баспасы, 2003. – 11 бет.
8. Р.Қ. Елшібаев. «Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру». - Алматы: «Экономика» баспасы, 2009. 5-6 бет.
9. Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелдер және оны басқару. www.ektu.kz

УДК 336

УПРАВЛЕНИЯ ФИНАНСОВЫМИ ПОТОКАМИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аймурза Аблай

Aygulya82@mail.ru

студент 4-курса специальности 5В050600-Экономика, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Астана, Казахстан

Научный руководитель - Учкampiрова А.Б.

В современных условиях предприятия самостоятельно выбирают стратегию и тактику своего развития. Управление финансовыми потоками является тем инструментом, при помощи которого можно достичь желаемого результата - контроля деятельности предприятия. Эффективно организованные финансовые потоки выступают важнейшим звеном цепи функционирования его финансовой системы в целом. Знание и практическое использование современных принципов, механизмов и методов организации и эффективного управления денежными потоками позволяют осуществлять самостоятельное финансирование деятельности предприятия и не привлекать сторонних кредиторов, что обеспечивает его переход к новому качеству экономического развития. Управление, денежные потоки, финансовая система, самостоятельное финансирование, экономическое развитие, планирование, балансировка, синхронизация. В современных условиях предприятия самостоятельно выбирают стратегию и тактику своего развития.